**Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**
**№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы**
**Бұйрық**

**Ақтөбе қ. №15 04.01.2023 ж.**

**«№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасында өртке қарсы тәртібін орнату туралы»**

Өрт қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес, мекеменің жарғысын, ішкі еңбек тәртіп ережелері негізінде
**Бұйырамын:**

1. №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасында өрт қауіпсіздігі тәртібі өртке қарсы тәртіп Ережесіне сәйкес бекітілсін.
2. Өрт қауіпсіздігіне жауапты бөбекжай-балабақшасының шаруашылық меңгерушісі А.Т.Жусупова.
3. Мекемеде төмендегідей өртке қарсы ережелері орнатылсын:

1.3. Қоймалар, жертөпе, қызметтік бөлмелер әрдайым тексерілсін.

2.3.Мекеменің барлық бөлмелерінде және жақын тұратын аймақтарда шылым шегуге тыйым салынсын;

3.3. Қағаз, тағы басқа да қоқыстардың үйіліп қалмауы, тез тұтылаттын заттардың жиналмауы, балабақша ауласында қоқыстардың болмауы қадағалсын;

4.3. Мекеме баспанасында оңай тұтанатын және ыстық сұйықтарды (бояулар, лактер, еріткіштер және т.б.), қурап қалған шөпті, ағаштардан түскен жапырақтарды мекеме аумағында өртеуге тыйым салынсын;

5.3. Айына бір рет өрт сөндіру қойылымдары тексерілсін;

6.3. Өрт сөндіргіштерді уақытылы толтырып отырылсын;

4. Бөбекжай-балабақшасында қызметкерлерге тоқсансайын Өрт қауіпсіздігі туралы нұсқаулармен таныстырылып, арнайы журналға тіркеліп, қол қойылсын.

5. Бөбекжай-балабақшасының эвакуация жоспары бекітілсін.

1.5. Жылына 2 рет эвакуация жоспары таныстырылып, тәжірибе жасалсын.

2.5. Эвакуация жоспарына сәйкес қызметкерлер мен тәрбиеленушілер арасында жаттығулар ұйымдастырылып, өткізілсін.

6. Әкімшілік кезекшілер кестесі бекітілсін.

1.6. кезекші әкімшіліктің жасайтын әрекеті:

- дереу өрт шыққандығы туралы «101»телефонына қоңырау шалып, өрт сөндірушілерді шақыру;
- өрт туған жағдайда балалармен қызметкерлерді схемалар бойынша эвакуациялау;
- бағасы, құнды заттарды, құжаттарды эвакуациялауды ұйымдастыру;
- мекемедегі бар өрт сөндіру құралдармен өрт сөндіруді өрт сөндірушілер келгенше ұйымдастыру;
- өрт сөндірушілерді күтіп алып, өрт шыққан жерді көрсету.

7. Көпшілік – мәдени шаралар өткізіп жатқан кезде сол шараны ұйымдастырушыға шара кезінде өрт қауіпсіздігін сақтау қатаң ескертіліп, жауапкершілік жүктелсін.

8. Медициналық көмек көрсету жауапкершілігі медбике Ғ.Тайшиеваға жүктелсін.

9. Төтенше жағдай болғанда көмек көрсетуге қажетті дәрі-дәрмектердің медициналық кабинетте әр кез болуын қадағалау медбике Ғ.Тайшиеваға жүктелсін.

10. Барлық қызметкерлер өз жұмыс орнында, мекеме ішінде, аулада өрт қауіпсіздігін бұлжытпай орындасын.

11. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жұмыстарын өзіме қалдырамын.

**№39 «Достық» бб меңгерушісі: Уркимбаева А.Ж.**